

## АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 9-3/278 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 мамырда № 11065 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 15 наурыздағы № 77 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.03.2021 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1 тармағының 41-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқаруышы

\_\_\_\_\_ М. Құсайынов  
2015 жылғы 16 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 30 наурыздағы  
№ 9-3/278 бұйрығымен  
бекітілген

## **АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарды аккредиттеу қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.07.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 41-1) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарды (бұдан әрі – дайындаушы үйымдар) аккредиттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйым – ауыл шаруашылығы өнімін дайындауды, сақтауды, тасымалдауды және өткізууді жүзеге асыратын аккредиттелген занды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы);

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын, мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын негізгі талаптар тізбесі;

3) жеке кабинет – "электрондық үкімет" веб-порталындағы пайдалануышының кабинеті;

4) есепке алу нөмірі – өндіріс объектісінің қызмет түрі мен нөмірін қамтитын код;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны;

6) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;

7) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын, өзіне бекітіп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға.

3. Көрсетілетін қызметті алушыларды аккредиттеу Заңың 11-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу тәртібі**

4. "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеуге арналған өтінім жолдайды.

Аkkредиттеуге арналған өтінімнің қабылданғанын көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған өтінімнің қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге

қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі "электрондық үкімет" веб-порталына жүгінген сәттен бастап 30 (отыз) минутты құрайды.

8. Аккредиттеуге арналған өтінім "электрондық үкімет" веб- порталында көрсетіletіn қызметті алушының ЭЦҚ пайдалана отырып қол қоюы арқылы тіркеледі және көрсетіletіn қызметті берушінің уәкілетті адамының "жеке кабинетіндегі" қолжетімді болады. Көрсетіletіn қызметті берушінің электрондық мекенжайына аккредиттеуге арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Көрсетіletіn қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесіне енгізу туралы тиісті хабарламаға ЭЦҚ пайдалана отырып қол қою арқылы аккредиттеуге арналған өтінімнің қабылданғанын растайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіletіn қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесі "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктердің) интернет-ресурсына орналастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 17-01/207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10924 болып тіркелген) сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсына орналастырылады.

9. АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу кезінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетіletіn қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі;

2) көрсетіletіn қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

10. Мал шаруашылығы өнімі саласындағы көрсетіletіn қызметті алушыны аккредиттеу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді,

жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сактауды, қайта өндөуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сактау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес берілген есепке алу нөмірінің болуы қажет.

11. АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесіне енгізу туралы қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе техникалық істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші операторды дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

12. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

**3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысы атына, агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

14. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңын 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

- шагым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;
- косымша ақпарат алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңын 25-бабының 4-тармағына сәйкес 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

16. Мемлекеттік қызмет көрсете нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

АгроОнеркәсіптік кешен  
саласындағы дайындаушы  
ұйымдарды аккредиттеу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

### **Аkkредиттеуге арналған өтінім**

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйым  
аккредиттеу жүргізуді сұраймын.

(занды тұлғаның атауы)

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

есепке алу нөмірі\*

басшының тегі, аты, әкесінің аты ( бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі

mekенжайы: \_\_\_\_\_

телефон нөмірі (факс):\_\_\_\_\_.

2. "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 5-тармағына сәйкес дайындаушы үйым еткізетін немесе өткізуді жоспарлап отырған ауыл шаруашылығы өнімі туралы мәліметтер\*\*:

P / c №	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы
1	2
2	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өндеуге, сактауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_ сағат \_\_-де/-да қол қойып, жіберді:

ЭЦК-дан алынған деректер

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦК) алынған деректер

ЭЦК қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Өтінім 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_ сағат \_\_-де/-да қабылданды:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК-ның қойылған күні мен уақыты

Ескертпе:

\* мал шаруашылығы өнімдерін дайындауды жүзеге асыратын кәсіпорындардың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қантардағы № 7-1/37 бүйріғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сактауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сактау және өткізу жөніндегі үйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес берілген есепке алу нөмірі болуы қажет.

\*\* алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер Заңының 11-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесін өзектендіру кезінде жойылады. Заңының 11-бабының 5-тармағына сәйкес

белгіленген ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесі өзгерген және (немесе) толықтырылған жағдайда қайта аккредиттеу жүзеге асырылады.

АгроОнеркәсіптік кешен  
саласындағы дайындаушы  
ұйымдарды аккредиттеу  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті а т қ а р у ш ы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)	о р г а н д а р ы
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өттінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады	
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	30 (отыз) минут	
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық	
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесіне енгізілгені туралы хабарлама	
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі	
		1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадагы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан	

7	Жұмыс кестесі	<p>әрі – Кодекс) сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке құндері жүгінген жағдайда, өтінімдерді қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). 2) көрсетілетін қызметті берушіде – Кодекске сәйкес демалыс және мереке құндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұсқі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мемлекеттік органдардың <a href="https://gov.kz">https://gov.kz</a> интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырылған;</li> <li>2) порталда орналастырылған.</li> </ol>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында аккредиттеуге арналған өтінім береді. Аккредиттеуге арналған өтінімнің қабылданғанын көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы ;  2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/278 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11065 болып тіркелген) бекітілген АгроЕнеркәсптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуш мұмкіндігі бар .</p>

ерекшеліктері ескеріле  
отырып қойылатын өзге  
де талаптар

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

АгроОнеркәсіптік кешен  
саласындағы дайындаушы  
ұйымдарды аккредиттеу  
қағидаларына  
3-косымша  
Нысан

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйімдардың тізбесіне енгізу туралы хабарлама

Құрметті \_\_\_\_\_  
(занды тұлғаның атасы)

Сіздің 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_ №\_\_\_\_\_ өтініміңіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді және агрономеркесіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесіне қосылғанын және ол көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылғанын хабарлаймыз.